

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 43 (9361) | 1954 жылғы 26 февраль Жұма | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Село интеллигенттерінің айбынды міндеттері

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына дайындық совет адамдарының саяси және өндірістік белсенділігін арттырып, зор еңбек өрлеуін туғызуда. Сайлау құрметіндегі социалистік жарыс миллиондаған еңбек адамдарын қамтып, оларды Коммунистік партия мен Совет Үкметі кәзіргі кезеңде алға қойған міндетті — халық шаруашылығын барынша өркендету міндетін ойдағыдай жүзеге асыруға жұмылдыруда.

СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы колхоздар мен совхоздардың шаруашылығын барынша өркендетудің нақтылы перспективаларын ашып берді. Кәзіргі уақытта социалистік ауыл шаруашылығының миллиондаған армиясы, Коммунистік партияның басшылығымен бүкілхалықтық іс — ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндетін жүзеге асыруға жұмыла кірісті.

Совет халқы халық шаруашылығын, оның ішінде, ауыл шаруашылығын барынша тез өркендетудің айбынды программасын жүзеге асырып жатқан кезде, совет интеллигенциясының, әсіресе, селолық-ауылдық интеллигенцияның алдына қойылатын талап ұшан-теңіз. Селолық интеллигенция — агрономдар, инженерлер, зоотехниктер, дәрігерлер, мұғалімдер, механиктер, техниктер, мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері және басқалық социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуде колхозшы шаруалар мен совхоз жұмысшылары арасында ұйымдастырушы күш болуға тиіс. Олардың басты міндеті — еңбекшілер арасында Коммунистік партия мен Совет Үкметінің социалистік ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі қаулы-қарарларын насихаттау, саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу, сөйтіп, егіншілер мен малшыларға озат ғылым мен тәжірибенің табыстарын насихаттауды жергілікті партия ұйымдарына тікелей көмектесу болып табылады.

Совет интеллигенциясы — дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы интеллигенция. Ол совет халқының сеніміне, құрметіне бөленген. Совет интеллигенциясының совет халықтарының мүдделері үшін еңбек егуден артық қасиетті ісі жоқ. Өйткені, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар-

лотов атындағы және «Баян» ауылшаруашылық артельдері интеллигенттерінің жұмыстарынан да толық көруге болады. Молотов атындағы колхоз ауданындағы ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайған, сол сыяқты, колхозшылары материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесі жағынан жақсарған колхоздардың бірінен саналады. Бұл колхоздың жылдық табысы бір миллион сомнан асады. Міне, колхоздың бұл табыстарында ауыл интеллигенттерінің қосқан үлесі аз емес. Колхоз интеллигенттері селолық клубты колхозшылар арасында мәдени-ағарту жұмыстарының орталығына айналдырып, колхозшыларды партия мен үкмет алға қойған міндеттерді орындау күресіне жұмылдыра білді.

СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жарыққа шыққаннан кейін өнеркәсіп орындары мен мекемелерде істейтін ауыл шаруашылығының көптеген мамандары партияның шақыруы бойынша селого келді. Сонымен қатар, қалалардың селого беретін көмегі еселен артты. Әсіресе, қалалық мәдени-ағарту мекемелері мен творчестволық коллективтердің селого көмегі күшейді. Бұл жағдайлардың бәрі Коммунистік партия мен Совет Үкметінің социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету шараларын жүзеге асыруға арнап отырған қамқорлығының айқын белгісі болып табылады.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы совет халқының өміріндегі аса маңызды саяси оқиға болып табылады. Сайлауға әзірлік кезінде, әсіресе, совет интеллигенттеріне ерекше құрметті міндет жүктеледі. Өйткені, олар ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік кезінде еңбекшілер арасында үгіт-бұқаралық жұмысты пәрменді жүргізуде партия ұйымдарының сенімді көмекшісі болып есептеледі.

Совет интеллигенттері өздерінің азаматтық борыштарын түсіне отырып, сайлау науқаны кезінде, елімізде өткізілетін барлық саяси науқандар кезіндегі сыяқты, зор игілікті істер істей алады. Олар сайлаушылар алдында лекциялар, баяндамалар жасауға, өңгімелер өткізуге тиіс. Сол сыяқты, үгіт-бұқаралық жұмыстарын пәрменді түрде жүргізумен қатар, партия мен үкметіміздің қаулы-қарарларын іс жүзінде

Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс берейік



СУРЕТТЕ: ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің депутаттығына кандидат Н. Д. Ондасынов жолдастың Конюхов ауданы, «Красная крепость» колхозының сайлаушылары алдында сөйлеп тұрған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Конюхов ауданының сайлаушылары ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат Н. Д. ОНДАСЫНОВ жолдаспен кездесті

24 февраль. (Арнаулы тілшімізден). «Красная крепость» колхозының орталығы — Лебяжье селосындағы тұрғын адамдар бүгін күндегіден ерте ояны. Селодағы қоғамдық үйлердің төбесінде Қызыл тулар желбірейді, ол үйлердің маңайшалары мен қабырғаларында алқызыл мата-ларға үлкен әріптермен жазылған: «1954 жылғы 14 март — ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні!»; «Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына

ауыздан ұсынды. Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаты Ондасынов жолдас біздің аразымызда отыр. Оның өмірбаяны, қоғамдық саяси жұмысы партия мен халыққа адал қызмет етудің куәсі. Ондасынов жолдас қатардағы жұмысшыдан республикамыздың Министрлер Советінің Председателіне дейін өсті. Ол сайлаушылардың сенімін аброймен ақтайды. Барлығымыз да сайлау урналарына тегіс келіп, коммунистер мен партияда

алдымен мен мүше болып отырған Коммунистік партияға көрсеткен сенім деп ойлаймын. Өмірде ең қымбатты және ең маңызды сенім — халық сенімі. Мұндай халық сеніміне, ауданның еңбекшілері мен колхозшыларының сеніміне ие болу мен үшін зор бақыт. Бұл бізді, кандидаттарды, халық бақыты үшін үнемі қамқорлық жасауға, коммунистік құрылысқа белсене қатысуға міндеттейді.

Совет мемлекетін басқаруға халықтың қалың бұқарасы кеңінен қатысып отыр. Біздің халқымыз ең таңдаулы ұлдары мен қыздарын мемлекет билігінің жоғарғы органына — ССРО Жоғарғы Советіне сайлайды.

(СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАРЛЫҚ САЙЛАУШЫЛАРҒА ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРГЕ, ШАРУАЛАР МЕН ШАРУА ӘЙЕЛДЕРГЕ, СОВЕТ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНА, СОВЕТ АРМИЯСЫ МЕН СОҒЫС-ТЕНІЗ ФЛОТЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛЕРІНЕ АРНАҒАН ҮНДЕУІНЕН).

Мал шаруашылығы

Қол жеткен табыстарды баянды ету үшін күресеміз

Тоқшын совхозының коллективі (Полудень ауданы) өткен ауылшаруашылық жылын зор табыстарға жетумен аяқтады. Қоғамдық мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыру жолында қажырлы күрес жүргізудің арқасында мұнда мал өсіру жоспары барлық түліктен де толық орындалды. Малдың, әсіресе, сауын сыйырлардың өнімділігі едәуір артты. Мәселен, әрбір сауын сыйырдан жоспар бойынша 2700 литрден сүт алу керек болса, оның орнына, 2900 литрден сүт сауылды. Сөйтіп, мемлекетке сүт тасыру жоспары асыра орындалды.

Сыйырдан мол сүт сауудағы жарыста № 1 ферма коллективі озып шықты. Мұндағы сауыншылар П. Аметкова әрбір сауын сыйырдан 3511 литр, Е. Абдраштова 3334 литр сүт алды. Мұндай жетістіктерге сауыншылар В. Мажукина, Л. Лешкова жолдастар да ие болды.

Мал өз төлі есебінен көбеюде. Өткен жылы алынған барлық төлдер шығынсыз әрі күйлі өсірілді. Бұзудың төуліктік өсу салмағы тиісті нормадағыдан асырылып отырылды. Алдыңғы қатарлы бұзау күтушілер М. Немцова, Е. Лютая, Д. Федосеева, М. Нефедова жолдастар қарамағындағы 120 бұзудың әрқайсысының төуліктік салмақ қосуын 875 граммға жеткізді. Сөйтіп, бұлар еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті.

Біз мұндай табыстарға қалай ие болдық? Соған тоқтай өтпекшіміз. Бізде мал азығы жеткілікті дайындалған. Далада маяланған 48170 центнер шөптің 42 мың центнері қыстауларға тасылып алынды. Мал азығы балансының басым көпшілігі сүрленген шөп пен концентрат. Сол сыяқты, 7 мың центнер үйілген сабан бар. Сабанның біразын малдың астына төсеуге пайдаланамыз. Өйткені, құнарлы мал азығы қыс бойына молынан жетеді.

Фермалардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстардың көпшілігі механикаландырылған. Ал, № 1 фермадағы жұмыстардың барлығы да техника қуатымен атқарылады. Барлық мал фермаларында электр жарығы бар. Осының арқасында малға азық арнаулы машиналар арқылы туралып, араластырылып, буландырылып беріледі. Малды азықтандыру, суару зоо-

мүдделері бір мақсатпен бірігіп, бір арнадан нәр алады. Олар үшін жалпы бір мақсат бар. Ол—Советтік Социалистік Республикалар Одағының күш-қуатының артуы, совет халқының материалдық әлауқатының жақсаруы, мәдени дәрежесінің барынша жоғары көтерілуі.

Советтік интеллигенцияның зор қуаты бір бөлігі болып табылатын село интеллигенциясының алдындағы кәзіргі міндет—социалистік ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде партия мен үкметтің алға қойып отырған міндеттерін мінсіз орындау жолында аянбай еңбек ету болып табылады. Бұл күндері колхозды ауыл мен деревняда тың және тыңайтқан жерлерді толық игеру арқылы егіннен мол өнім алу үшін, қоғамдық мадды қыстан күйді шығарып, төлді аман сақтау үшін, мал шаруашылығының өнімділігін арттыра беру үшін күрес қызу жүргізілуде. Ал, бұл күресте село интеллигенттерінің атқаратын ролі ерекше.

Село интеллигенциясы — социалистік ауыл шаруашылығында зор күш. Олар ауыл шаруашылығын қауырт өркендету күресінде, колхозды ауыл мен деревняларда мәдени-ағарту жұмыстарының дәрежесін барынша көтеруде өте зор роль атқарады. Мұны Преснов ауданындағы Мо-

инициативасын қолдап, оларды шаруашылық және мәдени құрылыста жаңа табыстарға жетуге жұмылдырып отыруға тиіс.

Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезі республиканың ауыл шаруашылығын өркендетудегі елеулі-елеулі кемшіліктердің бетін ашып, республиканың бүкіл халық шаруашылығын өркендетудің, мәдениетін көтерудің және халықтың материалдық әлауқатын арттырудың айбынды программасын белгілеп берді. Бұл міндеттердің ең бастысы—Қазақстанның мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын барынша өркендету болып табылады. Біздің облыс байлығы жылы егіс көлемінен өткен жылғыдан әлде қайда арттырып, 700 мың гектарға жуық тың және тыңайған жерлерді игеруге, қоғамдық мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруға тиіс. Бұл міндеттерді орындауда ауыл-село интеллигенттері жергілікті партия ұйымдарына көмектесуге міндетті.

Село интеллигенттерінің айбынды міндеті — колхозды ауыл-село еңбекшілерімен бірлесіп отырып, облыс колхоздары мен совхоздарының экономикасын және мәдениетін өркендетуге барынша атсалысу, сойтіп, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өндірістік лайықты табыстармен қарсы алу.

Көктемгі егіске әзірлік

Агротехникалық шаралар ойдағыдай жүргізілсін

Өнімділіктің мәдениетін арттырып, барлық ауылшаруашылық дақылдарынан тұрақты әрі мол өнім жыйнауда қысқы агротехникалық шараларды іске асырудың маңызы зор. Мұны жете түсінген Полудень ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары қар тоқтату, тұқым тазарту, жергілікті тыңайтқыштарды әзірлеу жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келеді. Мәселен, Ленин атындағы колхоз қар тоқтату жоспарын белгіленген мерзімде орындады. Ал, Сталин атындағы колхоз бұл жұмысты аяқтауға жуық. Тельман атындағы колхоз 55 центнер күл мен күс саңырығын және 100 тонна көң әзірледі.

Алайда, кейбір колхоздарда қысқы агротехникалық шараларды іске асыруға

жете мән берілмей келеді. Бұған Ворошилов атындағы, Свердлов атындағы колхоздардағы жағдайды айтуға болады. Бұл колхоздар қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыштар әзірлеу жұмыстарын әлі күнге дейін шұңдан қолға алмай отыр.

Ленин атындағы, Киров атындағы, «Парижская Коммуна» колхоздары тұқым тазартуды аяқтады. Бірақ, Чкалов атындағы, «Путь Ильича» сияқты колхоздарда тұқым тазарту ісі мейлінше баяу жүргізілуде. Аудан қолхозында 1500 центнер тұқымдық көң жетіспейді. Мұны толықтырудың жолдарын қарастырып, барлық колхоздарда да тұқымдық дәннің жеткілікті болуын қамтамасыз ету қажет.

А. КАРПЕНКО.

Құмыралар жасауда

Киров атындағы колхоздың (Приешім ауданы) мүшелері картон пен овощи дақылдарының өнімін арттыру мақсатымен оларды шаршы- ұялап отырғызуды көзден, бірқатар агротехникалық шараларды жүзеге асыруда. Колхозда овощи дақылдарын өсіретін шымтезек- шірінді құмыраларын жасау ойдағыдай жүргізілуде.

Агроном З. Черников жолдастың басшылығымен колхозшы Э. Ленц, Ж. Жан-досова, Л. Зегнер жолдастар ағаштан жа-

ТҰҚЫМ ТАЗARTYШЫЛАРДЫҢ ЖАРЫСЫ

Совет ауданындағы «Еркіндік» колхозының тұқым тазарту жұмысында жүрген колхозшылары ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, еңбек өнімділігін еселеп арттыруда. Осының нәтижесінде аз күн ішінде 1000 центнерден астам тұқым

салған станокпен шымтезек- шірінді құмыралар жасауды үйренді. Олар көзгі күн сайын 300—350 құмыра жасап, тапсырмаларын асыра орындап жүр. Колхозшылар ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы болатын күн —14 мартқа дейін шымтезек- шірінді құмыраларын жасау жөніндегі колхозға берілген тапсырманы артығымен орындауды көздеп, еңбек өнімділігін арттыра түсуде.

Е. САДУОВ.

тазартылып, шығымдылық сапаға жеткізді. Социалистік жарыста алға келе жатқан К. Қайырбекова, Б. Сәрсекеева, Н. Ерденева, Ж. Матаева жолдастар.

Бұлар көтеріңкі міндеттеме алып, оны орындау жолында жанамай еңбек етіп келеді.

ни өндіретін жаңа табыстармен қарсы атайық!» деген және басқа да ұрандар анадаймен көз тартып, село адамдарының ойы мен тілегін білдіріп тұр.

Клубқа, сайлау участогіне барсаң да, мал фермалары мен егіс бригадаларында, колхозшылардың үйлерінде болсаң да еститінің мына сөз:

—Бүгін кандидатымыз Нұртас Дәндібайұлы Ондасынов жолдас келеді.

Дәл түс. Көшелердегі халық жыйыны барған сайын қыза түсуде. Сырнай тартып, ән салған қыз-бозбалалардың, олардың ата-аналарының, екі өмірдің куәсі—кәрілердің тобы лег-лег болып колхоз клубына келіп жатыр. Село адамдарының тобы ұлғая түсуде.

Жан-жақтан пар-пар атпен селоға келіп жатқан көп адамдар да клубқа тоқталды. Бұлар көршілес отырған «Жаңа тұрмыс», «Пятилетка», «Путь Ильича», «Большевик» колхоздарының колхозшылары.

Фермалардағы мал өсірушілер де клубқа келуге асығыс. Бірақ, жұмыстарын тындырып кетпек. Сауыншылар сыйырларын сауып, жаңа туған жас бұзауларға еміздікпен сүт емізді. Шопандар мен жылқышылар да таңертеңгі жұмыстарын аяқтауға жұмыстады.

—Клубқа жұрт жыйналып қалыпты, біз де кешікпейік,—деген сауыншы Грязнова жолдастың сөзін бөліп, ферма мөңгерушісі Камкин малшыларға былай деді:

—Кандидат колхоздың шаруашылығымен танысып жүр. Көзгі осында, фермаға келе жатыр.

Узамай Ондасынов жолдас товарлы сүт фермасына келіп, сауыншылармен амандасты. Олардың жұмыстары мен тұрмыстарын сұрап, пікір алысты. Осыдан кейін мал өсірушілер кандидатты орталырына алып, клубқа келді.

Колхоз клубының кең залы іні тірелеген адамдарға сыймайды. Мұнда 350-ден астам сайлаушылар отыр.

Еңбекшілер депутаттары аудандық Советі атқамінің председателі Филипенко жолдас сайлаушылардың кандидатпен кездесу жыйналысын ашып, жұрт сенген өкіл Н. А. Косовцева жолдасқа сөз берді.

—Құрметті сайлаушы жолдастар, — деді Косовцева жолдас,— бүкілхалықтық мереке—ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні жақындап келеді. Өткен сайлаулардағы сияқты, алдағы сайлауға да Коммунистік партия кәсіпшілер одақтарымен, комсомолмен, еңбекшілердің басқа да ұйымдары және қоғамдармен қоянқолтық шығады. Біздің елімізде Коммунистік партия мен совет халқының мақсаты бір. Ол—елімізде коммунистік қоғам орнату, еңбекшілердің күн санап өсіп отырған материалдық және мәдени қажетін барынша қанағаттандыру болып табылады.

Біз совет халқының гүлденген өмірі және жарқын болашағы үшін ең алдымен туысқан Коммунистік партияға борыштымыз. Міне, сондықтан да сайлау күні совет адамдары коммунистер мен партияда жоқтар блогіне дауыс береді. № 120 Петропавл селолық сайлау округінің еңбекшілері өздерінің сайлау алдындағы жыйналыстарында ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп СОКП Орталық Комитетінің жанындағы жоғары партия мектебінің тыңдаушысы Нұртас Дәндібайұлы Ондасынов жолдасы бір-

тарына бірауыздан дауыс берейік!

«Красная крепость» колхозы председателінің орынбасары Канашков жолдас сөз алды. Ол Коммунистік партия мен Совет Үкметінің колхоз құрылысын үздіксіз нығайту жөніндегі қамқорлығына тоқталды. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ауылшаруашылығын шұғыл өркендетудің, колхозшы шаруалардың материалдық және мәдени тұрмысын онан әрі арттырудың зор программасын белгілеп берді. Коммунистік партияның қамқорлығының нәтижесінде колхозды селонның экономикасы мен мәдениеті қарыштап өсуде.

—Мұны біздің колхоздың өмірінен-ақ айқын көруге болады, — деді шешен, — соңғы үш жылдың ішінде колхоздың табысы он есе өсті. 1953 жылы колхозшылардың еңбекүндеріне заттай және ақшалай ақы көптеп берілді. Үстіміздегі жылы колхоздың жылдық табысын 2 миллион 70 мың сомға жеткізу, колхозшылардың еңбеккүніне кемінде 5 килограмнан астық, 5 сомнан ақша беру көзделіп отыр. Селоға жеткіздік мектеп, оқу үйі, медициналық пункт, май заводы жұмыс істейді. Колхозшы шаруалар қоғамдық дәулетті онан әрі арттыру мақсатымен үстіміздегі жылы тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі тапсырманы аброймен орындайды.

Біз колхозшы шаруалар коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына бірауыздан дауыс беріп, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің саясатын жақтаймыз.

Мінбеде 70 жастағы қарт сайлаушы Терентий Евграфович Шишов жолдас. Ол өзінің көрілігіне қарамастан колхоз өндірісіне қатысып, өткен жылы 332 еңбеккүн тапты. Қарттың балалары мен немерелері 24 адам. Олардың бәрі де колхоз өндірісіне белсене қатысып жүр.

—Мен екі өмірдің куәсімін — деді Терентий Евграфович, — Совет өкметі мені жасартып, күшіме-күш қосты, бақытты тұрмысқа жеткізді. Колхозды селода Отан игілігі, халық игілігі үшін еңбек ету, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің қамқорлығына бөлену — зор бақыт. Міне, осы бақытты өмір үшін сайлау урнасына бірінші болып келіп, коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогінің кандидаттары үшін дауыс беремін. Сөйтіп, ССРО Конституциясы берген құрметті правоны — сайлау правосын жүзеге асырамын.

Мұнан кейін сөз сөйлеген мал өсіруші Анфиза Гамзина, «Жаңа тұрмыс» колхозынан келген сайлаушы Төлбаев, Камышово селосындағы жетіжылдық мектептің директоры Шемякин және басқа жолдастар Коммунистік партия мен Совет Үкметіне деген шексіз сүйіспеншіліктерін білдіріп, сайлаушыларды халық қалаушылары — коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беруге шақырды.

Сайлаушылар депутаттыққа кандидат Н. Д. Ондасынов жолдастың сөзін зор ықласпен тыңдады.

—Қымбатты сайлаушы жолдастар, — деді Ондасынов жолдас, — ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына менің кандидатурамды ұсынып, маған көрсеткен сенімдеріңіз үшін ең алдымен Сіздерге алғыс айтуға рұқсат етіңіздер. Бұл сенімді ең

социалистік Қазақстан үлкен роль атқарады. Оның кең байтақ даласы жаратылыс байлықтарына, әсіресе, көмірге, түсті металға шексіз бай. Бұл байлықты толық пайдалану үшін Коммунистік партия мен Совет Үкметі барлық шараларды жүзеге асыруда.

Мұнан кейін Ондасынов жолдас ауыл шаруашылығы саласында алда тұрған зор міндеттерге тоқталды. Ол Коммунистік партия мен Совет Үкметінің Қазақстанды бидай мен мақта өндіруде Олақта алдыңғы аудандардың қатарына қою жөнінде қолданып отырған шаралары туралы айтты. И. В. Сталин жолдас 1937 жылдың өзінде-ақ Қазақстанды еліміздің шығыс тағы негізгі мал шаруашылығы республикасына айналыру жөнінде мәселе қойғанды. Республика мал шаруашылығын өркендету жөнінде біраз табыстарға ие болды. Бірақ, мал шаруашылығын өркендетудің кәзіргі қарқыны өскелең талаптарға жауап бермейді.

Біз мал шаруашылығының өнімділігін шұғыл арттыруға тиіспіз. Егер біз қойдан жүнді неғұрлым көп қырықсақ, жүнді және басқа маталар да солғұрлым мағазиндерде мол болады. Осы сияқты, елімізде майдың, сүттің, еттің және басқа да мал шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау қажет.

Бұл үшін ауыл шаруашылығының негізгі саласы — астық шаруашылығының шығымдылығын барынша арттыру керек. Партия мен Үкмет біздің республиканың алдына екі жылдың ішінде 6 миллион гектардан астам тың және тыңайған жерлерді игеру арқылы астық шаруашылығының шығымдылығын 4—5 есе арттыру міндетін қойып отыр. Бұл міндетті орындаудың Бүкілодақтық маңызы зор. Быйылдың өзінде республиканың МТС-тері бүгінге дейін қанша тракторлары болса, жаңадан сонша трактор алмақ. Бұл жұмысқа ең алдымен жұмысшы табы, туысқан республикалар бізге зор көмек көрсетуде. Мәселе әрбір колхозда тың және тыңайған жерлерді мейлінше көптеп игеруде, осының негізінде астық шаруашылығының шығымдылығын мықтап арттыруда, мал шаруашылығының өнімділігін молайтуда болып отыр. Біздің колхозшы шаруаларымыздың және механизатор кадрларымыздың, басқа да ауылшаруашылық қызметкерлерінің тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі міндетті аброймен орындайтынына сенім зор.

Ондасынов жолдас сөзінің соңында сайлаушылардың сенімін ақтау үшін, республиканың алдында тұрған зор міндеттерді орындау үшін өзінің барлық күші мен білімін және тәжірибесін жұмсайтынын айтты.

Жыйналыстың соңында сайлаушылар «Күміс түсті тозаң» атты кинофильмді көрді. Жастар би билеп, ән салды. Бірқатар сайлаушылар Ондасынов жолдасымен жеке-жеке әңгімелесіп, пікір алысты.

Аудан орталығы Қарақоғанда, мәдениет үйінде Ондасынов жолдас өз сайлаушыларымен кездесті. Мұнда аудан орталығының қызметкерлері, Чистан МТС-нің механизаторлары мен ауылшаруашылық мамандары, «Қазақстанның 30 жылдығы», Куйбышев атындағы, Ленин атындағы ауылшаруашылық артельдерінің мүшелері болды.

техникалық ережелерге сәйкес жүргізіледі. Сауын сыйырлардың құнарлылығын арттыру мақсатымен олардың әрқайсысына тәулігіне 14 килограмм сүрленген шөп, 11 килограмм жай шөп және 3 килограмм концентрат беріледі.

Біз мал өсірушілердің материалдық және мәдени қажеттерін өтеуде бірқатар жұмыстар жүргіздік. Мұнда малшылардың еңбекке ынталылығын арттыру мәселесі көзделді. Кәзіргі уақытта мал өсірушілер бұрынғыдан да ауқатты тұрады. Сонымен қатар, олардың мәдениеті де үздіксіз өсуде.

Малшылар өздерінің күш-жігерлерін қол жеткен табыстарды баянды етуге, қызу қарқынды бәсеңдетпейтүге жұмылдырып келеді. Олар үстіміздегі жылды зор табысты жыл етуді мақсат еткен. Бұл мақсаттарын іске асыру үшін олар еңбек өнімділігін арттыра түсуде.

СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуі совхоз коллективінің творчестволық еңбек өрлеуін бұрынғыдан да арттыра түсті. Олар бүкілхалықтық мереке күнін өндірістік тартулармен қарсы алу үшін өздеріне ұғайтылған міндеттемелер алды. Мәселен, шөп тасушылар сайлау құрметіне өзара социалистік жарысқа түсіп, шөп тасуды тез арада аяқтап шықпақшы. Бұлар сияқты көтеріңкі міндеттемелері совхоздың барлық мал өсірушілері де қабылдады.

Кәзіргі уақытта мал өсірушілер арасында социалистік жарыс кеңінен өріс алуда.

М. МЕЙІРБЕКОВ,

Полудень ауданы, Тоқшын совхозының директоры.

Лайықты үлес қоспақ

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозының колхозшылары бұзау күтуші М. Вильгельм жолдасы мақтан етеді. Ол 6 жыл бойы өзіне бекітіліп берілген бұзауларды шығынсыз өсіріп келеді. Вильгельм жолдас бұл жылдары барлығы 530 бұзау өсіріп, колхозшылардың зор құрметіне бөленді.

Озат бұзау күтуші ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне өндірістік тарту әзірлеуде. Ол кәзіргі күнде қарамағындағы 30 бұзауды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай күтіп жүр. Вильгельм жолдас бірде-бір бұзауды шығынға ұшыратпау арқылы колхоздың қоғамдық мал шаруашылығын өркендей түсуіне лайықты үлес қоспақ.

Е. ҚАСЫМОВ,

Қ. ӘБДІЛХАЛЫҚОВ.

Қосымша ақы алды

Октябрь ауданы, Жамбыл атындағы колхоздың қарт шопаны Р. Мусин жолдас осы колхозда мал шаруашылығын өркендету ісіне қажырлы еңбегімен елеулі үлес қосып келеді. Быйыл ол қарауындағы 20 құнды ойдағыдай бағын күтуде.

Колхоз басқармасы қарт шопанның еңбегін жоғары бағалап, оған қосымша ақы ретінде бір құлын берді.

К. РӘШИТОВ.

Орасан мол мүмкіншіліктер шаруашылықты өркендетуге неғұрлым толық пайдаланылсын

ҚАЗАҚСТАН КП VII СЪЕЗИНЕН

16—18 февральда Алматы қаласында Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезі болды. Қазақстан КП Орталық Комитетінің жұмысы туралы Орталық Комитет бюросының мүшесі Шаяхметов жолдас есепті баяндама жасады.

Қазақ ССР-де өнеркәсіптің көптеген салаларын өркендету үшін, социалистік ауыл шаруашылығын мейлінше көркейту үшін орасан мол резервтер мен мүмкіншіліктер бар екендігі съезде атап көрсетілді. Қазақстанның жер қойнауында алуан түрлі пайдалы қазба кендердің шексіз мол қорлары бар. Оның жері Зауральден Тянь-шаньға дейін, Каспий бойынан Алтайға дейін созылып жатыр.

Алуан түрлі табиғат жағдайлары дөңді дақылдардан бастап субтропик өсімдіктеріне дейін барлық ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге мүмкіндік береді. Қазақстанның күн нұрына бөленген жерінде бидай, тары, күріш, мақта, қант қызылшасы, конопли, зығыр, темекі қаулап өсіп, мол өнім бере алады... Мол өнімді мал шаруашылығы, сонымен қатар, оwoщ және бақша шаруашылығын өркендету үшін республиканың шексіз мүмкіншіліктері бар.

Совет мемлекеті экономика мен мәдениетті өркендетуде республикаға орасан зор көмек көрсетіп келеді. Осы көмекке сүйеніп және қолда бар қорларды пайдалана отырып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары, кейбір өнеркәсіп орындары, МТС-тер, колхоздар мен совхоздар едәуір табыстарға жетті.

Сонымен бірге, съезд делегаттарының айтқанындай, республиканың халық шаруашылығын өркендетуде ірі-ірі кемшіліктер бар. Әсіресе ауыл шаруашылығы артта қалды. Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің республиканың халық шаруашылығын өркендетуге нашар басшылық етуі салдарынан орасан мол резервтер жете пайдаланылмай келеді. Жергілікті партия, совет және шаруашылық органдары өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетудің перспективалық мәселелерін қанағаттандырып жетпейді.

Өнеркәсіп саласында резервтерді пайдалануға кедергі болып отырған жағдай, ең алдымен сол — жерде құрылыс жоспарлары бірқатар жылдардан бері орындалмай келеді. Құрылыс ұйымдарының 80 проценттен астамы өткен жылы күрделі қаржы жұмсау жоспарларын орындамады. Едәуір өнімділігін арттыру, жабдықтар мен кәсіргі өндіріс аяқтарының неғұрлым жақсы пайдалану, өнімнің өзіндік құнын кемітіп, сапасын жақсарту ісінде де зор мүмкіндіктер бар.

Ауылшаруашылық өндірісінің дәрежесі мемлекет жасаған материалдық-техникалық базаға сай болмай отыр. Көптеген колхоздар мен совхоздар дөңді және тех-

қаулысынан тиісті қорытынды шығармады, республиканың ауыл шаруашылығының артта қалуын жоюға қажетті шаралар қолданбады. Республиканың партия және совет ұйымдарының басшылары ауылшаруашылық өндірісінің негізгі базасы болып табылатын, астық шаруашылығын онан әрі өркендету үшін тың және тыңайған жерді игерудің маңыздылығын жете бағаламады.

Республиканың жекелеген колхоздары мен аудандары тың және тыңайған жерді игеру ісінде инициатива көрсетті. Олар мұндай жерде әр гектардан 100—150 пұттан астық жыйнап келеді. Кейбір облыстардың партия және совет ұйымдары жаңа жерді игеру жөнінде мәселе қойған, бірақ Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советінде оларды ойдағыдай қолдамаған. Мысалы, Қазақстан КП Орталық Комитеті пленумдарының бірінде Жамбыл облыстық партия комитетінің секретары Артыгалиев жолдас былай деген:

— Біздің пленумдарымызда жаңа жерді игеру туралы сан рет ұсыныстар енгізілгенін Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшелері жақсы біледі. Сондықтан да Орталық Комитет секретарларының, республиканың Министрлер Советі басшыларының басты қателігі сол, олар бұл ұсыныстарға көңіл қоймады, бұл ұсыныстарды қолдамады.

Осыған байланысты съездің делегаттары Қазақстан КП Орталық Комитетінің бұрынғы бірінші секретары Шаяхметов жолдасы, бұрынғы екінші секретары Афонев жолдасы, республиканың Министрлер Советінің председателі Тайбеков жолдасы, оның орынбасары Медвиль жолдасы қатты сынады.

Тек СОКП Орталық Комитетінің тікелей нұсқауларынан кейін ғана республикада жаңа жерді игеруге белсене дайындық жасала бастады.

Республикада 1954 және 1955 жылдары 6.300 мың гектар тың және тыңайған жерді игеруге тура келіп отыр. Бұл жоспарды жүзеге асыру үшін мемлекет Қазақстанға көп мөлшерде қуатты техника беріп, онда механизатор кадрларын жіберуде, құрылыс материалдарын, стандартты үйлер және басқаларын бөлуде. Жаңа жерді игеретін аудандарда жаңадан көптеген жаңа совхоздар құрылуға тиіс. Үстіміздегі жылдың өзінде республикаға МТС-тер үшін 39 мың трактор (15 аттың күшімен алғанда) және совхоздар үшін —14800 трактор әкелінді.

Делегаттар съездің трибунасынан былай деп мәлімдеді: Қазақстанның еңбекшілері тың және тыңайған жерді игеру туралы партия мен үкметтің қарарын орасан зор саяси және өндірістік орлеумен қарсы алды. Колхозшылар, МТС және

өркендетудің сарқылмас резервтері, міне осында. Республикада дөңді дақылдың, мақтаның, қант қызылшасының өнімділігі жөнінде жоғары көрсеткіштерге жеткен, сүтті мол сауып, жүнді көп қырып жүрген ауыл шаруашылығының озаттары аз емес. Алайда, республиканың партия және совет органдары озат тәжірибені зерттеу және тарату ісімен нашар шұғылданып келді. Агрономиялық және зоотехникалық ғылымның табыстары туралы, озат тәжірибе туралы бұқаралық әдебиет өте аз шығарылады. Ауыл шаруашылығының мәселелері жөніндегі лекциялық насихат нашар жүргізіліп, насихаттың радио мен кино сыяқты қуатты құралы бұл мақсат үшін қанағаттандырып пайдаланылып отыр.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларын жүзеге асыру кезектегі ауыл шаруашылығы жұмыстарын мезгілінде және үлгілі орындауды талап ететінін съездің делегаттары атап көрсетті. Олар республикада көптемі егіске әзірлену және мал қыстатуды өткізу ісінде туған жағдайға төзуге болмайтындығы туралы айтты. Тракторлар мен басқа машиналарды жөндеу жұмысы бауу жүргізіліп, механизатор кадрлары нашар даярлануда, қысқы агротехникалық шараларды өткізу жоспарлары орындалмай келеді. Бірқатар облыстарда мал жемшөппен қамтамасыз етілмеген, малдың өлімі және талаң-тарапқа салынуын тоқтатуға шаралар қолданылмаған.

БАСШЫЛЫҚ ЕТУДІҢ БЮРОКРАТТЫҚ ӘДІСТЕРІНЕ ҚАРСЫ

Республиканың алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру экономика мен мәдениеттің барлық салаларын өркендетуде басшылық ісін жақсартуды талап етеді. Халық шаруашылығының бірқатар салаларының, әсіресе, ауыл шаруашылығының артта қалуы Қазақстан КП Орталық Комитеті бюросының және Орталық Комитеттің бұрынғы бірінші секретары Шаяхметов жолдасының жұмыс әдістеріндегі елеулі кемшіліктердің салдарынан екендігі съезде атап көрсетілді.

Республиканың халық шаруашылығын өркендетудің түбірі проблемалары әртүрлі директивалардың, қарарлардың, анықтамалардың, хаттардың, есептердің бюрократтық тасқынында, жалпылама өңгімелерде, мәжілістер мен кеңестерде бүркеліп қалған. Партия мен үкметтің директиваларын орындау жөніндегі жанды ұйымдастыру жұмысының орнына кеңесшілік және даурықпалы сөз-салтанат орын алған. Партия және совет қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары кең-

Делегаттар партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың мәселелерін өте өткір талқылады. Қазақстан КП Орталық Комитеті, облыстық комитеттері партия аппаратының аудандық буынын қайта құруды мүлде кешеуілдетіп отыр. Бұл іс көп жағдайда бетімен жіберіліп, формальды түрде жүргізілген. Аудандардың көпшілігінде колхоздар мен МТС-терге басшылық етудегі несіздік пен жауапсыздық жойылмаған. Колхозшылар мен село механизаторлары арасындағы саяси жұмыс салақсытылып, республиканың алдында тұрған маңызды міндеттерді шешумен ұштастырылмай келеді. Аудандық комитеттердің МТС жөніндегі секретарьлары мен олар басқаратын топтардың көп бөлегі ұйымдастыру және саяси жұмысты колхоздар мен МТС-терде тікелей өрістету орнына, әлі күнге аудан орталықтарында отыр.

Партия ұйымдарының назарын жанды басшылық етуге аудару қажет екенін көрсете келіп, съездің делегаттары ісін орындауын тексеруді күшейтудің, кадрларды дұрыс іріктеп алу, орналастыруды және тәрбиелеуді қамтамасыз етудің өрнексіз маңызы бар екенін атап айтты. Олар Қазақстан КП Орталық Комитеті бюросының және оның бұрынғы бірінші секретары Шаяхметов жолдасының жұмысында кадрларды іріктеп алу, жоғарылату және орналастыру ісінде елеулі қателіктер жасалғанын айтты. Кадрларды іріктеп алуға партиялық принциптер бұзылып, кадрларды іскерлік және саяси жағынан қарамай, қайта семьяшылдықпен, тамыр-таныстықпен іріктеп алу фактілері болған.

Кейбір басшы жолдастар кадрлармен жұмыс істеудің жауапкершілігін ұмытып, кәбінесе жеке өздеріне берілген адамдарды іріктеп алған. Кейбір жағдайда басшы қызметкерге даярлығы жоқ қызметкерлер жоғарлатылған, ал оның бер жағында даярлығы бар, қабілетті кадрлар қалтарыс қалып қойған. Жұмыстың бір участогін ақсатқан қызметкерлер көп жағдайда сынга алынбай, басқа басшы қызметкерге қойылған. Мұның өзі кадрларды дұрыс тәрбиелеуге көмектеспей, қайта тәрбиесіз аз қызметкерлердің кейбір бөлегі арасында жауапсыздық, төкәнарлық және жағымпаздық туырған.

Бұл реттерде Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары Гарагай жолдасының, республиканың сауда министрі Жанғозин жолдасының фамилиялары атап айтылды, бұлар бұрынғы жұмыстарын ақсатқаннан кейін осы қызметтерге қойылған.

Насихат жұмысында, кадрларға маркстік-лениндік білім беруде елеулі кемшіліктер бар екені атап көрсетілді. Көптеген партия ұйымдарында партия оқуындағы өріктілік принципі бұзу осы уақытқа дейін жойылған жоқ. Көптеген үйірмелер мен лекцияларға теориялық ұсыныстар

Балаларды киномен қамтудың тәрбиелік зор маңызы бар

Жас ұрпақтарды тәрбиелеуде киноның атқаратын ролі өте зор. Советтің фильмдер балаларды батыр және адал болуға, Отанға деген сүйіспеншілік рухта, еңбек сүйгіш, қайтпас қажырлы етіп тәрбиелеуге көмектеседі.

Мұны жете түсінген облысымыздың алдыңғы қатарлы киномеханиктері балаларды киномен қамту жөніндегі міндеттерін ойдағыдай орындап келеді. Мәселен, Полудень ауданының киномеханигі Әнуэрбек Оразалин өткен жылы ауыл-селолық жерлерде мыңнан астам баланы киномен қамтып, бұл жөніндегі жоспарды 239 процент орындады. Оразалин жолдас оқытушылармен тығыз байланыс жасап, әрқашан мектептерде, клубтарда балалар үшін арнаулы сеанстарда кино көрсетеді. Кино басталардың алдында көрсетілетін фильмнің тақырыбы туралы өңгімелер өткізілуін ұйымдастырады.

Киномеханик Конов (Преснов ауданы), Новиков (Қонохов ауданы) жолдастар да өздерінің жұмысын Оразалин жолдасының үлгісі бойынша жүргізіп келеді.

Облысымызда өткен жылы балаларға кино көрсету жоспары 139 процент орындалды. Қонохов, Полудень аудандарында балаларды киномен қамту ісі ойдағыдай жүргізілді. Алайда, облысымызды тұтас алғанда балаларға кино көрсету ісінде соңғы кезге дейін айтарлықтай кемшіліктерге жол беріліп келеді.

Бізде түрлі бөгде себептермен балаларға арнаулы сеанстар қойып көрсетуден бойын аулақ ұстайтын киномеханиктер жоқ емес. Киномеханиктердің өз ісіне жауапсыз қарауынан өткен жылы Булаев ауданында 2 мыңнан астам бала киномен қамтылмай қалды. Ал, Ленин ауданындағы киномеханик Дружков балалар үшін бірде-бір арнаулы сеанс ұйымдастырмаған. Балаларды киномен қамту ісінің жайы, әсі-

ресе, Совет, Булаев және Ленин аудандарында өте-өте нашар.

Облыстық кинопрокат бөлімшесінің көп реттерде балаларға кино көрсету мәселесін дұрыс шешпейтіндігін айтып кетуге болмайды. Бұл бөлімше кей реттерде демалыс күндері көрсету үшін киноустановкаға балаларға көрсетуге болмайтын фильмдер жібереді, ал кейде балаларға көрсетуге рұқсат берілген фильмдерге балалар үшін лайықсыз киножурналдар тіркеледі.

Үстіміздегі жылы облысымыздың кино сәті 650 мың баланы киномен қамтуға тиіс. Бұл кино қызметкерлерінің алдына зор жауапкершілік жүктейді. Балаларға кино көрсетуде болып келген кемшіліктерді біржолата жойып, жас ұрпақтарды киномен тыңғылықты қамту үшін әрбір ауданда мүмкіншілік толық жеткілікті. Аудандық мәдениет бөлімдері қолда бар мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, аудандық комсомол комитеттерімен және мектеп басшыларымен бірге оқушыларға үнемі кино көрсету үшін мектептің бір бөлмесінің бекітіліп берілуін қамтамасыз етуге міндетті. Жылжымалы кинолар маршрутқа шыққанда сол мектеп бөлмелерінде міндетті түрде кино көрсетілуін белгілеп беру қажет.

Мектеп басшылары, мұғалім, партия және комсомол ұйымдары балаларға қандай кино көрсетілетіндігін біліп, киномеханиктерінен текқана балаларға көрсетуге рұқсат берілген фильмдердің көрсетілуін талап етіп отырулары керек.

Еліміздің жас ұрпақтарының мәдени тілегі күн санап өсуде. Жас зрительдердің кино жөніндегі өскелең тілегін тыңғылықты өтен отыру кино қызметкерлерінің абройлы борышы.

М. АБЕРИН,

Облыстық мәдениет басқармасының киноландыру бөлімінің бастығы.

Профессор Корренстің В. С. Семеновқа хаты

БЕРЛИН, 22 февраль. (СОТА). АДН агенттігі былай деп хабарлайды: демократиялық Германияның Ұлттық майданы ұлттық Советінің председателі профессор Корренс ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы Комиссары және ССРО-ның Герман Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Полномочіелі Елшісі В. С. Семеновқа хат тапсырды, онда былай делінген:

«Ұлы совет халқы мен оның үкметінің, сонымен қатар, Совет Үкметі делегациясының ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов мырзаның басылығымен Берлин кеңесінде неміс халқының ұлттық мүдделерін соншалық дөйектілікпен және толық жеткізе айтты, оның біртұтас, бейбітшіл, демократиялық және тәуелсіз Германияға қай-

Совет халқы мен оның үкметінің советтік сыртқы саясаттың негізгі принциптеріне сәйкес үнемі қыймыл жасап отырғанын, міне, сондықтан неміс халқының ең жақсы және ең сенімді достары болып табылатынын совет делегациясы Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовтың басылығымен кеңесте тағы да дәлелдеп берді. В. М. Молотов мырзаның Сыртқы Істер Министрлерінің кеңесінде жасаған ұсыныстары неміс халқының ұлттық талаптарына бүтіндей және толығымен сай келеді.

Германиядағы жалпыұлттық мәселені өз күштерімен, бейбіт жолмен реттеу, сөйтіп, халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісіне өз үлесін қосу үшін неміс халқы барлық күштерін жұмсайды.

тан жылма-жыл аз өнім алып келеді. Табиғи жемшөп қорларының молшылығына, мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттырудың зор мүмкіншіліктеріне қарамастан, республикада мал шаруашылығын өркендету ісі ұзақ уақыттан бері артта қалып отыр. Малдың көп шығын болуына жол берілуде. Әсіресе, қоғамдық малды өсінен өсіріп, оның өнімділігін арттырудың негізгі қайнар көзі болып табылатын өнім малын өсіру ісінің жайы жақсы емес. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуді және малшаруашылық өнімдерін тапсырудың мемлекеттік жоспарлары үнемі орындалмай келеді.

Машина-трактор және машина-малшаруашылық станцияларының жұмысындағы ірі кемшіліктер осы уақытқа дейін жойылған жоқ. Көптеген станциялар басшы кадрлармен, мамандармен және механикаторлармен әлі күнге дейін нығайтылмаған. Бұл станциялар техниканы нашар пайдаланады, қолхоздардың ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігі жөніндегі мемлекеттік жоспарлар орындалуын қамтамасыз етпейді. Мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру мәселелерімен мүлде қанағаттанғысыз шұғылданады.

ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРДІ

ИГЕРУ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛСІН

Съездің жұмысында тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесіне баса көңіл бөлінді. Қазақстанда миллиондаған гектар игерілмеген құнарлы жер бар, бұл жерде жаздық бидай, соның ішінде қатты бидайдың неғұрлым бағалы сортын, тары және басқа дақылдар өсіруге болады.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі, деп мәлімдеді съездің делегаттары, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының

сөзхос қызметкерлері Отанның тапсырмасын абыроймен орындауға берік бел байлап отыр.

Съезге қатысушылар ескі дағды бойынша егіншілікті өркендетуді мал шаруашылығын өркендетуге қарама-қарсы қоятын және басшы қызметкерлердің зиянды көзқарасын қатты сынады. Мұндай қызметкерлер астық шаруашылығын жеделдете өркендету мал шаруашылығын өркендетуге қолайлы жағдай тудырады деген ақиқатты жете түсінбейді.

Съезд мал санын онан әрі көбейту және оның өнімділігін арттыру мәселелеріне зор көңіл бөлді. Өңгіме берік жемшөп базасын жасау, мал шаруашылығын жүргізу ісінің мәдениетін арттыру, мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру, малды сумен жабдықтау проблемасын шешу, маусымдық жайылымдарды дұрыс пайдалану және жақсарту, қонжылық және біржылдық шөптің, жүгерінің, тамыр-жемшөптердің, сүрленетін және бақша дақылдарының өгісін ұлғайту, мал тұқымын асыздандыру жұмысын күшейтіп, малдың тұқымын жақсарту жайында болды.

Ауылшаруашылық өндірісінің негізгі резервтерінің бірі, съезде аған көрсетілгеніндей, суармалы егіншілік болып табылады. Солай бола тұрса да, республикада суармалы жерді толық пайдалануға және ұлғайтуға қамқорлық жасалмай келді. Мұның, әсіресе, бағалы техникалық дақылдар—мақта, қант қызылшасын, темекі және басқаларын өндіретін өңтүстік облыстарға қатысы бар. Мұнда онша көп жүрделі қаржы жұмсамай, жаңа жерді суару мүмкіндіктері қалтарыста қалып, ал суаратын жүйелері бар жерлердің 60—70 проценті ғана пайдаланылып келеді.

Кәзіргі уақытта, деді шешендер, озат тәжірибені іскерлікпен қорытып, таратқан күнде ғана ауыл шаруашылығына іскер басшылық жасауға болады. Қолхоз-совхоз өндірісінің барлық салаларын жеделдете

және совхоз өндірісін ұйымдастыруды жақсартуға тікелей қатысудан қол үзде.

Өңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары Күзекбаев жолдастың айтқанындай, Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советінің басшылары 3 жылдан аса уақыттың ішінде облыста бір рет те болмағай, облыстың артта қалу себептеріне көңіл бөлмеген, бұл себептерді жоюға көмектеспеген. Республикалық органдардың қызметкерлері жергілікті жердегі істің жайын нашар білгендіктен, облыстық ұйымдарға қандай да болса дұрыс көмек бере алмаған, ауыл шаруашылығын өркендету болашағын белгілеп бере алмаған.

Қызылорда облыстық атқару комитетінің председатели Нүркеев жолдас былай деді:

—Республиканың Министрлер Советінің облыстық атқару комитеттеріне басшылығы жергілікті жерлерде қонтыған қауыптар, жарлықтар, телеграф арқылы нұсқаулар жіберумен тынып келеді. Біз көп жағдайда практикалық көмек аламыз. Қазақстан КП Орталық Комитетінің кейбір басшы қызметкерлері сіздің облыс туралы тек география оқулықтарына ғана біледі. Ал, Тайбеков жолдастың (Қазақ ССР Министрлер Советінің председатели) облыста болмағаны былай тұрсын, ол тіпті соңғы жылдың ішінде бізге бір рет те телефон соққан жоқ.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Әбдіразақов жолдас, делінді съезде, осы қызметте өзі жұмыс істеген 9 айдың ішінде бір рет болса да қолхоздарға барып қайтуды өзінің міндеті деп санамады.

Павлодар облыстық партия комитетінің секретары Исақов жолдастың, Балқаш қалалық комитетінің секретары Буравов жолдастың және басқалардың сөздерінде де осындай мысалдар келтірілді.

ЗОР ӨЗГЕРІСТЕР

ССРО Жоғарғы Советінің өткен сайлауынан бері Явленка совхозы еңбекшілерінің тұрмысында зор өзгерістер болды. Совхоз жұмысшылары жаңа, өсем үйлерге орналасты. Совхоздың істелік ұсадысында магазин жұмыс істейді, балалар ясли ашылған, барлық үйлерде электр шамы жанады. Тек соңғы екі жыл ішінде ғана мұнда 3 мыңнан астам түрлі ағаштар отырғызылды.

Жұмысшылар жұмыстан бос уақыттары клубта өткізеді. Онда хор үйірмесінің концертін тыңдайды, көркемөнер-

шілердің ойындарын көреді, лекциялар, баяндамалар тыңдайды.

Мал фермаларында да көп өзгерістер болды. Еңбекті көп керек ететін жұмыстар толық дерлік механикаландырылды. Малдың күтімі жақсартылып, оның өнімі өдеуір артты.

Көзір үгітшілер клубта және сайлаушылардың үйлеріне барып, совхоз, аудан, облыс және еліміздің өмірінен алынған нақтылы фактілермен байланыстыра отырып, сайлаушылармен әңгімелер өткізіп жүр.

А. ПАВЛОВ.

ҚАРТ БҮРКІТШІ

Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма» ауылшаруашылық артелінің мүшесі қарт Өсіп Қонтаев жасының ұлғайғандығына қарамастан өзінің жақсы көретін кәсібі — аң аулаумен шұғылданып отырады. Өсіп қарт үсті-

міздегі қыстың бас кезінде жас бүркіт ұстап алған болатын. Қарт аңшы жуырда өзі үйреткен бүркітпен 2 түлкі ұстап алды.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

нақты тарихи жағдаймен ұштастырылып баяндалмайды. Коммунистік партияның басшы және бағыт беруші ролі терең түсіндірілмейді, көп жағдайда негізгі шаруашылық және саяси міндеттермен байланыстырылмайды.

Шаруашылық және партиялық жұмысқа басшылық етуде, кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу ізінде болған елеулі кемшіліктер мен қателіктердің аса маңызды себебі сол, Қазақстан КП Орталық Комитеті бюросының жұмысында коллегиялық бұзылған, сын мен өзара сын болмаған, оның өзі жайбарақаттық пен тоқмоқшылдықтың зиянды көзқарастары тудырған.

Съезде Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары П. К. Пономаренко жолдас сөз сөйледі.

Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезі бірауыздылық және топтасқандық жағдайында өтіп, халық шаруашылығын, мәдениетті өркендету және еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын жақсарту жөнінде республиканың алдында тұрған орасан зор міндеттерді орындауға партия ұйымдарының әзір екендігін көрсетті.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің бұдан кейін болған пленумында Орталық Комитеттің бюросы сайланды. Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары болып П. К. Пономаренко жолдас, екінші секретары болып — Л. И. Брежнев жолдас, Орталық Комитеттің секретарьлары болып — Ф. К. Бәрібажанов, М. Ә. Сүжиков, Ы. Т. Тәжіев жолдастар сайланды.

Л. СЛЕПОВ,
В. ЖУРАВСКИЙ,
П. ШТАБНОВ.

Алматы қаласы.

(Правда, 22 февраль).

1 миллион 350 мың сом қаржы төленді

Өткен жылы Петропавл станциясының 700-ден астам теміржолшылары демалыс үйлеріне, санаторийлер мен курортқа барып қайтты. Олардың ішінде паровоз депосының қазаншылары Тараненко, Кернев, диспетчер Родин, кезекші Чиркова жолдастар бар.

Ал үстіміздегі жылы теміржолшыларды демалыс үйлері, курорт және санаторийлермен қамту өткен жылға қарағанда 20 процент арттырылғалы отыр.

Сонымен қатар быйылғы жылы Петропавл станциясының теміржолшыларына өндірісте көп жылдар бойы еңбек еткені үшін еңбекақыға қосымша ретінде 1 миллион 350 мың сом қаржы төленді.

мократиялық Германияның Ұлттық майданының ұлттық советі мен оның президентімен Сізге бүкіл бейбітшілік немес халқының алғыс айтқан сезімін білдіру мен үшін зор абырой және қуаныш болып табылады.

Герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешу үшін! ГЕРМАНИЯНЫҢ ДЕМОКРАТИЯШЫЛ ӘЙЕЛДЕР ОДАҒЫ МЕН ФРАНЦУЗ ӘЙЕЛДЕРІ ОДАҒЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕСІ

БЕРЛИН, 24 февраль, (СОТА). АДН агенттігі Германияның демократияшыл әйелдер одағы мен Француз әйелдері одағының бірлескен мәлімдемесін берді. Мәлімдемеді былай делінген:

«Франция мен Германияның әйелдері екі халыққа бірдей қауіп төндіріп отырған соғыстың елеулі қауіпін тынышсызданады.

Франция мен Батыс Германияда американың бекініс пункттерінің жасалуы, халықтар жек көретін герман кекшіл саясатшыларының және соғыс қылмыстарының қатысуымен Бонн федералдық мемлекетінде герман милитаризмінің қайта тудырылуы екі халықтың қауіпсіздігіне бірдей қауіп төндіреді.

Франция мен Германияның әйелдері герман проблемасының бейбітшілікпен шешілуін шын жүректен тілейді.

Олар соғыс жоспарларын болдырт-

халқына, оның үкметіне, совет делегациясына және әсіресе, В. М. Молотов мырзаға немес патриоттарының шын жүректен айтқан алғысын жеткізуіңізді сұраймын».

лауға, Бонн және Париж договорларының жүзеге асырылуын және европалық қорғаныс бірлестігінің жасалуын болдыртпауға; Бонн және Париж договорларының нені көздейтіндігін, европалық қорғаныс бірлестігінің нені көздейтіндігін әрбір әйелге түсіндіруге; осы договорларға қарсы әрбір әйел қарсы шыққанға дейін қажымай-талмай еңбектенуге ұмтылуға; өз елдерінде демократияшыл ұйымдар мен бейбітшілік сүйгіш әйелдердің бейбітшілікті сақтау жолындағы күресін кеңінен таратуға өздерінің барлық күштерін жұмсауға міндеттенді.

Француз және немес әйелдері бейбітшілікті қорғауға бағытталған өздерінің бірлесіп атқарған жұмыстарының қорытындысын бағалау үшін 8 марттан кейін басқосатын болады».

АҚШ-ТЫҢ ФИЛИППИНАДАҒЫ СОҒЫС ӘЗІРЛІКТЕРІ

НЬЮ-ЙОРК, 24 февраль, (СОТА). Баспасөз Филиппинадағы американың соғыс базаларының құрылыстарына назар аударуда.

Юнайтед Пресс агенттігінің Манилагадегі тілшісі американың өзе-соғыс күштерінің және соғыс-теңіз күштерінің командованнесі АҚШ Филиппин аралдарындағы кәзіргі базаларын Оңтүстік-Шығыстағы ірі бекініс пункттеріне айналдыратындай «алып жоспарларды» жүзеге асыруға жанталасуда, деп хабарлайды.

Тілші төмендегідей толық мәліметтерді хабарлайды: реактивтік самолеттердің үлкен екі тобы Индо-Қытайға апаратын «өзе көпірін» қамтушы Кларк Филд базасына орналасқан; ірі жүк самолеттері мен бомбардировщик-

тер Субик-Пойнтқа орналасатын болады, сол сыяқты, мұнда истребительдер үшін арнаулы қонатын алаң және гидросамолеттер үшін база жасалынуға тиіс; тағы осы жерде авианосецтер үшін док жасалатын болады; Субик қолтығы мен Кларк Филд базасының арасында тас жол салынатын болады. Тілші түбінде Субик базасы Қызыр-Шығыстағы американың флотының штаб-квартирасына айналдырылатын болады деген жорамал айтады. «Негізгі мақсат, — деп қорытады тілші, — айқын: Оңтүстік-Шығыс Азияның кез келген ауданына соққы берерліктегі осы жерлерде АҚШ өзінің базаларын жасауға ниеттеніп отыр».

Редактордың орыбасары
Г. НУРМОЛДИН.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТАКСИДІН ҚОЖАСЫ»

Сеанстар сағат 6,30-8,30-10,30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОҚЫТУШЫ»

Сеанстар сағат 6,30-8,30-10-да басталады.

«Ударник» кинотеатрында 26-27-28 февральда кешкі сеанс басталар алдынан 1953 жылы шығарылған «Картолты шаршы-ұялап отырғызу туралы» ауыл шаруашылығы жаңалығының №9 журналы көрсетіледі.

Петропавл ет-сүт совхозында тұрушы Яков Дмитриевич Шукин Петропавл қаласы, Луговая көшесі, 130-үйде тұратын Нина Ивановна Шукинадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 2-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.